

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Сатабай Жансұлтан Жұмағалиұлы

«RTL-SDR көмегімен нақты уақыт режимінде спутниктік суреттерді алу
жүйесін әзірлеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
мамандығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

 Е.Таштай

«25» 05 2022ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «RTL-SDR көмегімен нақты уақыт режимінде спутниктік суреттерді алу жүйесін әзірлеу»

5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы

Орындаған: 

Пікір беруші

т.ғ.к., қауым. профессор

ХАТУ

 Б.Л.Илипбаева

«23» Мамыр 2022 ж.

Сатабай Жансұлтан Жұмағалиұлы

Ғылыми жетекші

ЭТжҒТ каф. Сениор -

лекторы, т.ғ.м.

 Д.Ж. Утебаева


«20» Мамыр 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Автоматика және ақпараттық технологиялар институты
Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы
5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі


Е.Таштай
« 21 » « 04 » 2022 ж

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сатабай Жансұлтан Жұмағалиұлы

Тақырыбы: «RTL-SDR көмегімен нақты уақыт режимінде спутниктік суреттерді алу жүйесін әзірлеу»

Университет ректорының «24» 12. 2021 ж. № 486-17 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерізімі «30» 04 2022 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

1) *RTL-SDR көмегімен анықталатын спутниктік радиобайланыстың базалық және бағдарламалық теориясы негіздері.*

2) *Спутниктік желілер көмегімен алынатын суреттер және олардың қолданылу аясы.*

3) *RTL-SDR көмегімен спутниктік суреттерді нақты уақытта алу жүйесі*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) *RTL-SDR радиоқабылдағышының техникалық сипаттамалары.*

б) *RTL-SDR радиоқабылдағышын әуесқойлық мақсатта қолдану аясы.*

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) :
RTL-SDR радиоқабылдағышының құрылымдық сұлбасы.

Сызбалық материалдар 15 слайдпен берілсін.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	04.01.2022 -01.02.2022	орынданды
Теориялық ақпарат	01.02.2022-01.03.2022	орынданды
Жабдықтар жұмысының есебі және жұмысты рәсімдеу	01.03.2022 -30.05.2022	орынданды

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Д.Ж. Утебаева, ЭТЖҒТ каф. сениор-лекторы, т.ғ.м.	08.02.22	
Теориялық ақпарат	Д.Ж. Утебаева, ЭТЖҒТ каф. сениор-лекторы, т.ғ.м.	28.03.22	
Норма бақылау	Ж.М. Досбаев, ЭТЖҒТ каф. т.ғ.м.	24.05.2022	

Ғылыми жетекшісі


(қолы)

Д.Ж. Утебаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Ж. Ж. Сатабай

Күні 23 мамыр 2022 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты RTL-SDR көмегімен нақты уақыт режимінде спутниктік суреттерді алу жүйесін әзірлеу. Қолданушы үшін спутниктік сигналдарды қабылдау жайлы базалық түсінік қалыптастыру. Аталған RTL-SDR көмегімен нақты уақыт режимінде бағдарламалық қамтама арқылы аналогтық сөйлесулер, метеорологиялық орталықтардың метеозоналарындағы деректерін бақылау және алу, ADS-B сигналдары арқылы әуе аппараттарының қозғалысын бақылау NOAA жерсеріктерінің APT сигналдарын декодтау көмегімен жер бедерінің суреттерін алу.

Дипломдық жұмыста жаңадан бастаушы әуесқойлар үшін спутниктік суреттерді алудың қарапайым нұсқаулықтары көрсетілген. Қажетті бағдарламалық қамтамалар мен қажетті жабдықтар берілген. Нұсқаулықтың көмегімен әуесқой қысқа уақыттың ішінде өзінің алғашқы нақты уақыт режиміндегі спутниктік суреттерін ала алады.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы является разработка системы получения спутниковых снимков в режиме реального времени с помощью приемника RTL-SDR. Формирование у пользователя базового понимания приема спутникового сигнала. С помощью RTL-SDR получить аналоговые розговий через программное обеспечение в режиме реального времени, наблюдать и получить данных метеозон метеорологических центров. Контроль движения воздушных аппаратов по сигналам ADS-B. Получение изображений рельефа местности с помощью декодирования APT-сигналов спутников NOAA.

В дипломной работе изложены простые инструкции по получению спутниковых снимков для начинающих любителей. Предоставляется необходимое программное обеспечение и необходимое оборудование. С помощью инструкции любитель может за короткое время получить свои первые спутниковые снимки в реальном времени.

ANNOTATION

The purpose of the thesis is to develop a system for obtaining satellite images in real time using an RTL-SDR receiver. Formation of a basic understanding of satellite signal reception for the user. Using RTL-SDR to get analog rods through the software in real time, observe and receive weather zone data from meteorological centers. Control of the movement of air vehicles by ADS-B signals. Obtaining terrain images by decoding APTX signals from NOAA satellites.

The thesis contains simple instructions for obtaining satellite images for novice amateurs. The necessary software and necessary equipment are provided. With the help of the instructions, an amateur can get his first satellite images in real time in a short time.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1. RTL-SDR көмегімен анықталатын спутниктік радиобайланыстың базалық және бағдарламалық теориясы негіздері	10
1.1 Бағдарламалық қамтама бойынша нұсқаулық	12
1.2 ADS-B сигналдарының графикалық бейнелеріналуға арналған бағдарламалық қамтамалар	14
2. Спутниктік желілер көмегімен алынатын суреттер және олардың қолданылу аясы	16
2.1 NOAA ATP спутниктік ауа райы суреттерін алу	16
2.2 GOES 16/17 және GK-2A геостационарлы жерсеріктері	19
3. RTL-SDR көмегімен спутниктік суреттерді нақты уақытта алу нұсқаулығы	22
3.1 негізгі бағдарламалық қамтамалар	22
3.2 қажетті жабдықтар	27
3.3 спутник суреттерді алу барысы	31
Қорытынды	37
Пайдаланылған әдебиет тізімі	39

КІРІСПЕ

Дәстүрлі радио құрылғыларда радио сигналдарды декодтау . өңдеу үшін қажетті математикалық операциялар аналогтық тізбектерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта компьютерлер бағдарламалық қамтамаларында математикалық есептеулер жүргізу үшін жеткілікті қуатқа ие, осыдан бағдарламалық қамтамамен анықталатын радио (Software-defined radio-SDR) термині пайда болды.

Бұрын күрделі аналогтық құрылғыны қажет ететін жабдықтың орнына бағдарламалық қамтамада оңай әрі жылдам жүзеге асырылатын заманауи радиоқабылдағыштардың пайда болуына алып келді. Қазіргі таңда кең жолақты баптамалары бар көптеген мүмкіндіктерге ие радиоқабылдағыштар едәуір арзан әрі қолжетімді түрлері бар

SDR әдісі дербес компьютерде немесе басқа да құрылғылардағы цифрлық өңдеудің басым бөлігін орындайды. Бұндай жүйенің мақсаты бағдарламалық қайта конфигурациялау арқылы еркін радиожүйелердегі радиотарату және радиоқабылдау. Бұндай жүйелердің балама атауы бағдарламалық конфигурацияланатын жүйелер.

RTL-SDR қабылдағышы аналогтық және сандық радиосигналдарды қабылдауға арналған құрылғы. Құрылғының жұмысы үшін арнайы бағдарламалық қамтама қолданылады. Бұл құрылғылар көлемі жағынан шағын сондықтан да телефонда компьютерде және де басқа қондырғыларда қолдануға ыңғайлы келеді

Қазіргі таңда SDR көптеген қарапайым радио модемдерді қолдануда, атап айтқанда GSM, WiFi, WiMax үшін қолданылады [1].

1 RTL-SDR КӨМЕГІМЕН АНЫҚТАЛАТЫН СПУТНИКТИК РАДИОБАЙЛАНЫСТЫҢ БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗДЕРІ

RTL-SDR- нақты уақыт режимінде радиосигналдарды қабылдауға мүмкіндік беретін компьютерлік радиоқабылдағыш ретінде пайдалануға болатын қолжетімді USB құрылғысы. RTL-SDR түріне байланысты ол 2 ГГц-ке дейінгі жиіліктегі сигналдарды қабылдауға қабілетті. RTL-SDR-ге арналған компьютерлік бағдарламалық қамтамаларда интернет желісінде тегін түрі жалпыға бірдей қолжетімді.


RTL-SDR, RTL2832U чипі негізінде жасалған DVB-T-TV тюнерлерінен пайда болды. 2012 жылы Эрик Фрай, Палосаари, және OSMOCOM компаниясының білікті мамандарының көптеген тәжірибелерінің арқасында олар RTL2832U-чипіндегі өңделмеген кіріс деректері тікелей қол жетімді деп тапты. Осы деректерді, Стив Маркграф жасап шығарған арнайы компьютерлік бағдарламалық қамтама арқылы өңделінді [2].

1.1 Кесте – RTL-SDR қабылдағышының техникалық сипаттамалары

Жиілік ауқымы	100 кГц — 1750 МГц
Модуляция түрлері	AM, FM, NFM
Көру жолағы	250 кГц — 3 МГц
Сезімталдығы	0.22 мКв
Кіріс кедергісі	50 Ом
Аналогтық цифрлық түрлендіргіш	8 бит

RTL-SDR қабылдағыштары пайда болғаннан бастап қолданушылар арасында өте танымал болды және ол қолданушыға радиожиілік спектрінің кең жолағын ұсынады. RTL-SDR қабылдағыштары осыдан бірнеше жылдар бұрын біршама қаржыны қажет ететін радиоқабылдағыштың орнына лайықты едәуір арзан ауыспасы болды. Өкінішке орай қабылдағыштардың танымалдылығы есебінен көптеген заңсыз өндірушілер сапасыз дүниелердің пайда болуына алып келді, сол себепті де қабылдағыштарды сенімді ресми дүкендерден алған жөн.

RTL-SDR қабылдағыштардың сыртқы пішімі өндірушілерге байланысты әртүрлі болады, алайда құрылғының ішкі құрылымы және жұмыс жасау принципі өте ұқсас болады (1.1-сурет)



1.1 Сурет – RTL-SDR қабылдағышының ішкі құрылымы

1-бөлімі: кернеу тұрақтандырғышы бар. қосымша қуат көздерін қажет етпестен күшейткіштерді немесе радиожиілік желісіне қосылған басқа белсенді компоненттерді қуаттандыру үшін пайдалы.

2-тікелей дискреттеу бөлімі: кейбір радио сигналдарды дербес компьютерге тікелей жіберіп өңдеу үшін жиілігі тым жоғары болады, бұл сигналды өңдеуден бұрын төменгі жиілікке түрлендіруді қажет етеді. Тікелей дискретизациялау қабылдағышқа түрлендіру қадамын айналып өтуге мүмкіндік береді, сонымен қатар төмен жиілікті сигналдарды алуға мүмкіндік береді.

3- компонент R820t2: құрылғыға берілген жиілікке бейімделеді және жоғары жиілікті радиожиіліктерді басқарылатын төменгі жиіліктерге түрлендіреді.

4- компонент 28.800 МГц жиілікте жұмыс жасайтын кварц генераторы: бұл жиілік түрлендіруді дәл орындау үшін қолданылады және R820T2 компонентіне нақты жиілікті беруді қамтамасыз етеді. Ол температураның өзгеруінен туындаған қателеріді автоматты түрде түзетеді. Бұл компонент құрылғының қатты қызуы кезінде оның қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

5-24C02N компоненті: RTL2832U-ға арналған жүйелік және конфигурациялық ақпаратты сақтайды.

6. RTL2832U: құрылғының басты компоненті. Жиілік радиосигналдарды сандық деректерге түрлендіреді және оны дербес компьютерге USB порт арқылы жібереді. Сондай-ақ, ол қабылдағышты басқару үшін дербес компьютерден келген пәрмендерді қабылдайды.

7. AP2114 компоненті: Дербес компьютердің USB портынан келіп тұрған 5 В кернеуді құрылғыдағы басқа компоненттері қолданатын 3,3 В-қа түрлендіреді. Сондай-ақ компоненттің шуы төмен және құрылғының жұмысына кедергі келтірмейді [3].

1.1 Бағдарламалық қамтама бойынша нұсқаулық

Қазіргі уақытта RTL-SDR қабылдағыштарында жұмыс жасауға арналған көптеген компьютерлік бағдарламалық қамтамалар бар. Бұл бағдарламалық қамтамалар қабылдағыштың баптауларын өзгерте отырып керекті жиіліктегі сигналдарды қабылдап өңдеуге мүмкіндік береді.


RTL-SDR көмегімен ADS-B сигналдарын тыңдау және декодтау үшін көптеген тегін бағдарламалық қамтамалар бар.

ADS-B (Automatic Dependent Surveillance - Broadcast, Радиохабар тарату режиміндегі автоматты тәуелді бақылау) сигналдары бұл аспандағы әуе денелерінің орналасқан жерін нақты уақыт режимінде тарататын сигнал түрі. Сигналдың таралу жиілігі 1090 МГц және 978 МГц.

Ең жиі қолданылатын ADS-B декодерлері ол ADSB#, SDR Sharp, RTL1090, dump1090 және modesdec02 қосымшалары.

SDR Sharp қолданыстағы танымал RTL-SDR бағдарламалық қамтамасы. Басқа SDR бағдарламалық қамтамасымен салыстырғанда пайдалану оңай және қарапайым, орнатылуы өте жеңіл келеді.

SDR Sharp - бұл қарапайым бағдарлама, оның көптеген кеңейтілген мүмкіндіктері бар. Алайда қазіргі уақытта қолданысқа ең ыңғайлы әрі түсінікті ADSB# қосымшасы болып табылады.



1.2 Сурет – ADSB# бағдарламасы

ADSB# бағдарламалық қамтамасы 1090 МГц жиілікте жұмыс жасайтын Windows негізіндегі ADS-B декодері. Ол қарапайым графикалық пайдаланушылық интерфейске ие және, декодерді қолдану оңай [4].

ADSB# іске қосу үшін қосымшаға кіру жеткілікті. Егер RTL-SDR қабылдағышы қолданылып отырған компьютерге немесе дербес компьютерге қосылған болса, құрылғыны ADSB# қосымшасының мәзірінен таңдау қажет. Содан кейін ADS-B ақпараттарын декодтауды бастауға болады, ол үшін "Пуск" батырмасын басу жеткілікті

ADSB# ADS-B деректерін декодтау, сонымен қатар TCP/IP протоколы арқылы әуе денелерінің орналасқан жері және де ұшу траекториясы туралы деректерді жібереді. Картада деректерді визуализациялау үшін виртуалды ADSB Score немесе PlanePlotter сервері сияқты басқа бағдарламалар қажет.

ADSB#-де, ADS-B деректері ұшақтардан қабылданған кезде, дәлдік шамасы артады. Нақтылық орнын анықтаушы сол бір ұшақтан пакеттердің көбірек санын алу шамасына қарай ұлғайтылады. Ұшақтар орнының графикалық интерфейсте орнатылған мәнінен асып кетсе, ұшақтардың орналасқан жері туралы мәліметтер TCP/IP протоколы арқылы жіберіледі. Нақты ADS-B сигналы ретінде кездейсоқ декодталған шуыл салдарынан әуе кемесінің жалған орналасуын болдырмау үшін қолданылады. Шулы ортада сенімділіктің жоғары деңгейлері қажет болуы мүмкін, бірақ көптеген жағдайларда төртке тең сенімділік деңгейі жақсы жұмыс істейді. Күту уақытын орнату декодер ұшақтың дұрыстығын қайта тексермес бұрын қанша уақыт күтетінін анықтайды, 120 секунд мәні жақсы жұмыс істейді

Графикалық қолдану интерфейсі бар Windows үшін 1090 МГц жиіліктегі ADS-B декодері-RTL1090 қосымшасы болып табылады RTL1090 ерекше мүмкіндіктерге ие. Ол A / C режимін, сондай-ақ S режимін декодтай алады. "A"- режимі әуе апараттарының сәйкестендіру нөмірін жібереді, ал "C"- режимі әуе апараттарының биіктігін жібереді, "S" режимі нысанның орналасқан жері туралы ақпаратты бере алады және бұл өте пайдалы функция болып табылады. RTL1090-да спектр қарау функциясы бар, ол ADS-B сигналдарының қабылдануын тексеру үшін пайдалы, RTL1090-да декодтау процесін жақсартатын 1 биттік ақырғы нәтиженің қателігін тексеретін функция бар. Қателерді тексеру тек қолданушы рұқсатымен ғана жүзеге асырылады, себебі қуаты жеткіліксіз компьютерлерде жүйенің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Rtl1090 авторларының қабылдауды жақсарту үшін екі RTL-SDR кілтін қолданатын RTL-DUO деп аталатын бағдарламалық қамтаманың тәжірибелік нұсқасын шығарды. Бұл Raspberry Pi сияқты Linux негізіндегі құрылғылар үшін өте пайдалы деректерді веб серверге жібереді DUMP1090 көмегімен веб-серверге деректерді жіберетін Raspberry Pi декодерінің баптауларын ыңғайлы етіп өзгерте аламыз. DUMP1090 декодері ADS-B декодерларының ішінде ең жақсы декодтау өнімділігіне ие болып табылды.


Windows / Linux / OSX моделдеріне жүктелетін ADS-B декодері. Ол ауаның кондензациялану туралы мәліметтерді ала алады және базалық станциямен және басқа графикалық дисплей бағдарламалық қамтамасымен

тікелей байланыса алады. Ол ұшақтардың ұшу карталарын, сондай-ақ ADS-B статистикалық мәліметтерді көрсете алатын.

1.2 ADS-B сигналдарының графикалық бейнелеріналуға арналған бағдарламалық қамтамалар

Жоғарыда айтылған бағдарламалық қамтамалар сигналдарды қабылдап өңдеуге арналған, алайда сигналдардың бейнесін дисплейға шығармайды. Аталған бағдарламалармен синхронды жұмыс жасайтын желілік деректерді алуға және оларды көрсетуге арналған бағдарламалық қамтамалардың бірнеше түрлері бар. Бұл бағдарламалар ADS-B декодерлерінің кез келген түрімен жұмыс жасайды.

Virtual Radar Server (Виртуалды Радар Сервері)- ADS-B декодерлерінің сигналдарын өңдеп бейне алуға мүмкіндік беретін виртуалды сервер. Virtual Radar Server бағдарламасында әуе денелерінің борттық номерлеріне сәйкес олар туралы толық ақпарат алуға болады (1.3-сурет).




1.3 Сурет – Virtual Radar Server бағдарламасының көмегімен алынған әуе денелерінің орналасу графикасы

PlanePlotter-бұл ақысыз сынақ мерзімі бар күрделі коммерциялық бағдарламалық қамтама. Егер бір мезгілде екі RTL-SDR қабылдағышын қолданатын болсақ, PlanePlotter ACARS және ADS-B ақпаратын бір-біріне біріктіре алады, сонымен қатар олар ADS-B онлайн агрегаторының көмегімен өзара ақпарат алмаса алады. Бұл сәйкесінше алынған мәліметтің дәлдігін арттырады.

PlanePlotter-ді қолданудың үлкен артықшылықтарының бірі күрделі шифрланған сигналдарды жылдам декодтайтын “Multilateration” жүйесіне ие. Multilateration-бұл орналасқан орын туралы мәліметтерсіз ADS-B сигналдарын тарататын ұшақтарының күйін бағалау үшін қолданылатын әдіс. Ол бірнеше орындардан және өзге де пайдаланушылардан алынған деректерді пайдалана отырып ұшақтың орнын триангуляциялау арқылы жұмыс істейді. Сондай-ақ

PlanePlotter арқылы Google көмегімен ұшақтардың үш өлшемді көрінісін көруге бола.

BaseStation-бұл ADS - В бағдарламалық декодерлерінің түпнұсқалық пакеттерінің бірі, Бұл тек ADS-V декодерлерін пайдалану кезінде ғана жұмыс жасайтын қосымша, көптеген пайдаланушылар бұл бағдарламалық қамтаманы қолданады, себебі бағдарлама қолдануға ыңғайлы кәсіби радар дисплейімен жабдықталған [5].



2. СПУТНИКТИК ЖЕЛЛЕР КӨМЕГІМЕН АЛЫНАТЫН СУРЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1 NOAA АТР спутниктік ауа райы суреттерін алу

Күн сайын үстімізден NOAA метеорологиялық спутниктері өтіп жатыр. Әрбір NOAA метеорологиялық спутнигі кез келген аймағыңыздағы ауа-райының нақты уақыттағы бейнесі бар кескінді автоматты түрде АРТ сигналдары арқылы тарату. Қуатты антеннамен SDRSharp декодтау бағдарламалық қамтамамен біріктірілген RTL-SDR қабылдағыштары арқылы суреттерді күніне бірнеше рет жүктеу және көрсету үшін пайдалануға болады.

1.2 Кесте – NOAA жерсеріктерінің сигнал тарату және қабылдау жиіліктері

Атауы	Ұшырылған күні	Сигнал тарату жиілігі (МГц)	Сигнал қабылдау жиілігі (МГц)
NOAA-1	11.12.1970	-	-
NOAA-2	15.10.1972	-	-
NOAA-3	06.11.1973	-	-
NOAA-4	15.11.1974	-	-
NOAA-5	29.06.1976	-	-
NOAA-6	27.06.1979	145.000	145.000
NOAA-7	23.06.1981	145.000	145.000
NOAA-8	28.03.1983	145.000	145.000
NOAA-9	12.12.1984	145.000	145.000
NOAA-10	17.09.1986	145.000	145.000
NOAA-11	24.09.1988	145.000	145.000
NOAA-12	14.05.1991	136.770	145.000
NOAA-13	09.08.1993	136.350	145.000
NOAA-14	30.12.1994	136.770	145.000
NOAA-15	13.05.1998	137.620	145.000
NOAA-16	21.09.2000	137.620	145.000
NOAA-17	24.06.2002	137.620	145.000
NOAA-18	20.05.2005	137.9125	145.000
NOAA-19	06.02.2009	137.100	145.000
NOAA-20	18.11.2017	137.9125	145.000

АРТ (Automatic Picture Transmission- Суретті Автоматты Түрде Беру) сигналы үздіксіз берілетін спутниктік сигнал . Бұл кескіндер жолағының пайда болуына алып келеді. Беріліс, кескінді жер үсті станциясы қабылданғанға дейін жалғасады.

АРТ — бұл метеорологиялық спутниктерде қолдануға арналған ,жердің бейнесін аналогтық жіберу жүйесі. Ол бүкіл әлем бойынша қарапайым қабылдау станцияларында метеосуреттер алуды қамтамасыз етеді. Кез келген станцияда жергілікті аймақ деректерін қабылдау, жерсеріктің сол аймақ үстінен өту кезінде жүзеге асырылады. Әрбір спутниктен тәулігіне кемінде екі сурет алуға болады. Суретте тек екі спектрлік канал бар, сондықтан бейне түрлі түсті емес. Суретті бояу және контурларын салу суретті оқуды жеңілдету үшін өңдеу кезінде жасалады

АРТ сигналы тікелей көру сызығымен шектелген, сондықтан да пайдаланушының жердегі станциясына спутник тікелей көрген жағдайда ғана сигнал қабылдай алады. Қабылдағыш станция компоненттері әдетте: антенна, радиоқабылдағыш, демодулятор, спутниктің ұшу сызығын болжауға арналған бағдарламалық қамтама қабылданған сигналдарды жазу және өңдеу бағдарламалық қамтамаларынан тұрады [7].

1.3 Кесте – NOAA 18 жерсерігінің техникалық сипаттамалары

NOAA 18 радиосигнал параметрлері	Параметрдің мәні
Жиілігі көтергіш	137-138 МГц
Салыстырмалы жиілік тұрақсыздығы	$\pm 2 * 10^{-5}$
Поляризация таратушы антеннаның жиіліктерде 137МГц	Оңбағытты айналым
Жиілікте 138МГц	Солбағытты айналым
Антеннаны күшейту коэффициенті	2.1 дб
Таратқыштың қуаты	37.2 дl
Модуляция индексі	$\pm 72^{\circ}$
Манипуляциялар жылдамдығы	1330.8 кбит/с
Сигналдың жиілік жолағы	5.3232 мгц
Жылдамдығы	665.4 кбит/с
Кадр ұзындығы	11090
Подкадр ұзындығы	127, 10240, 108, 95, 520
Беру жылдамдығы кадрлардың сурет	6 кадр/с
Жиілігі жолдарының сурет	360 жолак/мин
Бейне элементтерінің саны	2048

NOAA АРТ метеорологиялық спутниктері өз сигналдарын шамамен 137 МГц жиілікте таратады, сонымен қатар олардың сигналдарында оң , бағытты

айналым поляризациясы бар, яғни сигналдарды дұрыс қабылдау үшін оң бағытты поляризацияланған антенна қажет болады. Ол үшін турникетті антеннаны пайдалана аламыз [12].

Турникеттік антеннамыз бір-біріне перпендикуляр орналасқан дипольдер жұбынан тұратын 137-138 МГц өткізу қабілетіне ие. Антеннаның ұзындығы 1.04 метрге тең. Антеннада артық шуылдар мен шағылысуды азайту балунды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Балун ұзындығы $\lambda / 2 = 0,86$ болатын RG58 коаксиалды кабелін қолдана отырып жасалған S11 антенна параметрлерінің өлшемдері модельдеу нәтижесінде алынған мәліметтерге өте жақсы сәйкес келеді. Төрт диапазонды антенна негізгі цилиндрдің айналасында тең қашықтықта орналасқан 1/2 айналымдағы төрт спиральдан тұрады. Төрт диапазонды антеннаның өлшемдері төмендегі теңдеуін қолдана отырып есептеледі.



2.1 Сурет – Турникетті антенна.

Жартылай жазықтықтың спиральды компоненттерінің ұзындығы, L.

Қарапайым радиоқабылдағыштар арқылы жер бедерін алуға мүмкіндік беретін тағы бір спутниктің түрі ол Метеор-М.

“Метеор-М” - бұл 2014 жылғы 8 шілдеде ұшырылған полярлы орбиталық Ресейлік метеорологиялық спутнигі. Оның негізгі міндеттері-ауа-райын болжау, климаттың өзгеруін бақылау, теңіз суын бақылау, сараптама жасау.

Метеор-М спутнигі NOAA спутниктері суреттеріне ұқсас спутниктік ауа-райының суреттерін нақты уақыт режимінде көрсететін жоғары сапалы кескін беру сигналымен (LRPT) жабдықталған. Алайда, LRPT кескіндері әлдеқайда

сапалы, себебі олар NOAA APT аналогтық сигналдарына қарағанда 12 есе үлкен кескін сапалы сандық сигнал ретінде беріледі. Бұл сигналдарды қабылдау үшін қарапайым RTL-SDR немесе едәуір қымбат Aispyr және Funcube кілттерін пайдалануға болады.



2.2 Сурет – Meteor-2 M2 спутнигінен RTL-SDR көмегімен алынған суреттері

2.2 GOES 16/17 және GK-2A геостационарлы жерсеріктері

Ең алғаш 1929 жылы словениялық ғарыштық технологиялар инженері Герман Поточник геостационарлық жер орбитасын сипаттады. Техникалық тілде орбита геостационарлық немесе геосинхронды экваторлық орбита деп аталады. Бұл орбитаның ғарыштық станциялар үшін де тиімді тұсары көп болды.

Геостационарлық орбита немесе геосинхронды экваторлық орбита — бұл жер экваторынан 35,768 шақырым биіктікте экватор бойымен орналасқан орбита. Геостационарлық орбитада орналасқан спутниктер жердің айналу бағытымен жердің бұрыштық жылдамдығына тең жылдамдықпен айналады, ол 3075 км/с-қа тең.

1959 жылы «Hughes Aircraft» атты ғарыштық технологиялар орталығының жетекшісі Гарольд Розен алғашқы геостационарлық спутникті ойлап тапты. Гарольд Розен өзінің ойлап тапқан спутнигін жахандың байланыс орнату мақсатында қолданғысы келді.

Ең алғашқы геостационарлы «Syncom 3» атты спутник 1964 жылдың 19 тамызында геостационарлы орбитаға көтерілді. Ол спутник телетрансляцияларды көрсетуге қолданылды. Қазіргі таңда геостационарлы орбита бойында 450 шамасында спутниктер бар.

GOES 16/17 және GK-2A-бұл метеорологиялық деректерді кескіндер мен жоғары сапалы жер суреттерді беретін геосинхронды метеорологиялық спутниктер. Ол жердің толықтай жарты бетін жоғары сапада түсіруге мүмкіндік беретіндей алыс қашықтықта орналасқан. Бұл спутниктер геосинхронды орбитада болғандықтан, олар әрқашан космоста бір күйде болады, сондықтан ешқандай қосымша бақылау жабдықтары қажет емес. GOES 16/17 және GK-2A спутниктерінен NOAA APT немесе Meteor.жерсеріктерінде секілді межелеген орбита бойымен өтуін күтпей ақ тәулік бойы жер бейнесін алуға болады.

Алайда геостационарлы жерсеріктерден метеорологиялық суреттерді алу үшін RTL-SDR қабылдағышы мен компьютерлік бағдарламалық қамтамалар жеткіліксіз. Геостационарлы жерсеріктерден сигнал қабылдау үшін қуатты парабалалық антенналар қажет болады.



2.3 Сурет – RTL-SDR көмегімен GOES-17 спутнигінен тікелей алынған жер бейнесі

Қазіргі уақытта төртінші буынды NOAA GOES, GOES-16 және GOES-17 спутниктері белсенді. Олар HRIT сигналдарын жібереді, сонымен қатар үшінші буынды GOES-15 және жапондық Himiwarі8 спутниктерінің ортақ деректерін


жібереді. Қазіргі уақытта GOES-16 және GOES-17 жердің жартылай толық бетінің суреттерін әр 30 минут сайын түсіреді, ал АҚШ-тың үлкен "мезоскалалық" суреттері әр 15 минут сайын жаңарып отырады. GOES-16 және GOES-17 сәйкесінше GOES-EAST және GOES-WEST деп те аталады. Осы спутниктердің кем дегенде біреуін Солтүстік /Оңтүстік Америка, Канада, Аляска / Гавайи, Жаңа Зеландия, Шығыс Австралия және Тынық мұхиты аралдарының бейнесін алуға болады.

Сондай-ақ, резервтік орбиталарға шығарылған GOES-15 және GOES-14 жоғары буыны бар. Олар суреттерді аз жылдамдықпен қамтамасыз ететін LRIT сигналдарын таратады.

Қазіргі таңда корейлік GK-2A спутнигі бар, ол GOES спутнигіне өте ұқсас келеді. GK-2A Қазақстанның шығыс және оңтүстік өңірлері, Ресейдің шағын бөлігін, сонымен қатар Австралия, Жаңа Зеландия Үндістанды қамтиды. 2019 жылдың шілдесінен бастап COMS-1 GK-2A-ға ауыстырылды. GOES-тен хайырмашылығы, GK-2A кескіндері шифрланған. Бірақ қазір интернет желісінде шифр кілттерін табуға болады.

GK-2A құрамында LRIT және HRIT арналары бар, бірақ қазіргі уақытта тек LRT арнасын қол жетімді бағдарламалық қамтама арқылы шешуге болады. LRIT арнасы 2200 x 2200 сапалық бейнелерді әр 10 минут сайын жібереді. Бірақ бұл 5424 x 5424 сапалы GOES бейнелерімен салыстырғанда едәуір төмен, алайда пайдалы ақпарат алу үшін жеткілікті үлкен.

HRIT сигналдарының өткізу қабілеті 5 МГц диапазонында. Сондықтан да кең жолақты SDR қабылдағыштары қажет болады, сонымен қатар HRIT сигналдарының өткізу қабілетінің кеңдігінен SDR қабылдау құрылғысына қосымша парабалалық антенналар қажет болады [1].



2.4 Сурет – GK-2A жерсерігінің қамту аймағы

3. RTL-SDR КӨМЕГІМЕН СПУТНИКТІК СУРЕТТЕРДІ НАҚТЫ УАҚЫТТА АЛУ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Қазіргі таңда NOAA жерсеріктеріне метеорологиялық суреттерді алу әуесқойлар арасында кеңінен қолданылады. NOAA жерсеріктері бізге нақты уақыт режимінде қолжетімді RTL SDR қабылдағыштары мен компьютердің көмегімен жер кескінін алуға мүмкіндік береді. Суреттерді алу қандай да бір құпия кодтарды немесе лицензияны қажет етпейді. Суреттер жалпыға бірдей қол жетімді, сол себепті де жаңадан бастаушы әуесқойлар арасында танымал. Алынған кескін арқылы өзіміздің тұрғылықты аймағымыздың ауа райын болжай аламыз. Атап айтқанда жауын бұлттарының қозғалысын, жел жылдамдығын, ауа температурасын визуалды көру, аймақтың түрлі түсті бейнесін аламыз.

NOAA жерсеріктерінен бейне алудың кемшіліктері де жоқ емес. Біз бейнені өзіміз қалаған уақытта ала алмаймыз, себебі бейне алу үшін жерсерік тұрғылықты аймақтың үстінен ұшып өтуі тиіс. Кейде бейне алу барысында қажетті жерсерікті күту уақыты алты сағатқа дейін созылады, бұл сәйкесінше қолданушы үшін тиімсіз. Сонымен қатар алынған суреттің сапасы да біз ойлағандай бола бермейді. Бейненің сапалы шығуына көптеген факторлар әсер етеді. Біздің тұрғылықты жердің локациясынан бастап қолданылатын қабылдағыш, антенна, кабель барлығы әсер етеді.

Жерсеріктен кескінді алу үшін бізге алдымен жеке компьютерімізге бірнеше бағдарламалық қамтамалар орнатуымыз керек.

3.1 Негізгі бағдарламалық қамтамалар

Алдымен SDRSharp бағдарламасын жүктеп, орнатуымыз керек. SDR Sharp қолданыстағы танымал RTL-SDR бағдарламалық қамтамасы. Басқа SDR бағдарламалық қамтамаларымен салыстырғанда пайдалану оңай және қарапайым, орнатылуы өте жеңіл келеді. Бағдарламаны орнату үшін (<https://airspy.com/download/>) сілтеме арқылы кіріп, бағдарламаны жүктейміз (3.1-сурет). Жүктелінген бағдарламаны дербес компьютердің загрузки бөлімінен тауып 3.2-суретке сәйкес бағдарламаны орнатамыз.

Программно-определяемый радиопакет (журнал изменений))

Загрузить

Этот пакет содержит:

- SDR# (SDRSharp) **редакция 1855** (2022-03-26) – Лучшее бесплатное программное обеспечение SDR для ключей Airspy и RTL-SDR!
- Драйверы Airspy
- Драйвер HackRF
- Водитель USRP
- Драйвер RTL-SDR (сценарий ручной установки)

